

102854

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА
ГОРОДА АТЫРАУ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060011, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77а
тел.:27-10-18, факс: 27-10-24
akimat_atyrau@atyrau.gov.kz

060011, город Атырау, улица Айтеке би, 77а
тел.:27-10-18, факс: 27-10-24
akimat_atyrau@atyrau.gov.kz

2022 жылғы « 31 05 »
№ 06-02-02-8/5481

**Атырау облыстық
қоғамдық кеңесінің
төрағасы
М.Ізбасовқа**

*Сіздің 2022 жылы 26 сәуірдегі
№50 санды хатыңызға*

Қала әкімдігі, Сіздің хатыңызда көрсетілген облыс әкімінің орынбасары Н.Таушевтың қатысуымен 2021 жылдың 19 сәуір күні өткен №2/2 Кеңес отырысындағы Қарарда қабылданған тапсырмалардың орындалысы бойынша төмендегіше жауап жолдайды.

2. Бүгінгі күні Абай көшесіндегі орталық көпірді қайта жаңартуға жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталуда. Жобаға сәйкес мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандус қарастырылған хабарлайды.

Сонымен қатар Химик елді-мекенінде теміржолдар арқылы жаяу жүргіншілердің және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қауіпсіз өтуін құру үшін «Атырау қаласы Химик кентінде жаяу жүргіншілер өткелін салу» жобалау-сметалық құжаттамасы жасақталып, кейіннен 2021 жылдың 8 сәуірінде №01-0069/21 мемлекеттік сараптаманың оң қортындысы алынды.

Жоғарыда айтылған жобалар алдағы уақытта қаражат көзі бөлінуіне қарай жүзеге асырылатын болады.

3. Қала ішіндегі жасыл желекті тамшылатып суару мүмкіндігін қарастыру, су тасымалдау арқылы суаруды кешкі немесе таңғы мезгілде ұйымдастыру жұмыстары бойынша мердігер мекеме «Каспийдормостострой» ЖШС-не тапсырма берілді.

4. (1-этап) Атырау қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында 2017 жылы Атырау қаласының орталық аумағында орналасқан тозығы жеткен ескі құрылыстарды бұзу жұмыстары басталған болатын.

Қазіргі таңда 2017-2019 жылдарға жоспарланған I және II кезеңдері бойынша жұмыстар атқарылуда.

Бас жоспарға сәйкес «Ескі қала» аумағында I кезеңнің 262 нысанның жер учаскелерін алу және бұзу жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде қазіргі таңда 260 нысан иелеріне өтемақылары төленіп, жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Ал қалған 2 нысан бойынша соттың шешімі шығып, жергілікті бюджеттен қаражат қарастылып келісім-шарттары жасалынып жатыр.

(2-эман) Атырау қаласы, Гагарин, Исенов, Шевченко және Пушкин көшелерінің периметрін қамтитын аумақта көлемі 1,6 га болатын 43 учаскені мемлекет мұқтажына алу жұмыстары бойынша 2020 жылы 30 шілдегі №1515 Атырау қаласының әкімдігінің қаулысы шыққан болатын.

Қазіргі таңда, жоғарыда аталған 43 учаскелер бойынша келесідей жұмыстар атқарылып жатырғанын хабарлайды.

Атап айтқанда, 8 нысанның (168 372 864 млн.тг) өтемақысы төленіп, 12 нысанымен (372 948 657 млн.тг) келісім-шарт жасақталып, 7 нысанмен (209681227 млн.тг) шарт жасалу сатысында және 2 жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажына алу мүмкін болмай отыр (1 меншік иесі бас бостағынан айырылып қылмыстық жазасын өтеу бойынша түрмеде, 1 меншік иесімен сот процесі жүргізілуде) 14 нысан бойынша 2020-2021 жылдары (COVID-19) пандемияға байланысты уақытылы атқарылмай қалып, оларға қайта бағалау жұмыстары жүргізілу жоспарлануда.


8. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №97 «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы шеңберінде қаңғыбас жануарларды аулау жұмыстары облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасымен жүргізіледі.

Алайда, қала әкімдігімен барлық ауылдық округтерге қаңғыбас иттерді аулау жұмыстары үшін 31 млн 633 мың теңге қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу конкурстары аяқталып, ауылдық округтерде ит аулау жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, қала ішіндегі бұралқы иттерді аулау жұмыстары бойынша облыстық бюджеттен осы мақсатқа биылғы жылға 27 млн.теңге қаражат бөлінгендігін қаперіңізге береді.

9. Атырау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 09 маусымдағы №785 қаулысы негізінде санитарлық қорғау аймағына кіретін елді мекен толықтай көшірілген болатын. Елді мекенде орналасқан тұрғын үйлерді көшіруді Атырау мұнай өңдеу зауыты «АМӨЗ» қаржыландырылғанын қаперіңізге береміз. Қазіргі таңда, санитарлық қорғау аймағына жақын орналасқан тұрғын үйлерді көшіру жоспарланбағанын хабарлаймыз.

Қала әкімінің орынбасары



Ж.Қаражанов

Орын: Б.Хамидуллаев
Тел: 25-44-51
b/.khamidullaev@atyrau.gov.kz